

## 1-БЛОК: Сызу

### *Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар*

1. Тұтас ирек сызық қолданылады:

- A) ось сызықтары үшін
- B) тілік сызықтары үшін
- C) бүгу сызықтары үшін
- D) ұзу сызықтары үшін
- E) қима сызықтары үшін

2. Сызбада ..... сызық түрлерін қолданады.

- A) 10
- B) 6
- C) 8
- D) 9
- E) 7

3. Сызбада әріптерді, цифрларды және сызбада қолдалынатын белгілердің жиыны ...

- A) жазу
- B) штрих
- C) курсив
- D) штамп
- E) қаріптер

4. Рейсшина деп аталады:

- A) лекал
- B) сызғыштар
- C) көлденең планкасы бар сызғыш
- D) бұрыштықтар
- E) кішкентай сызғыш

5. Үзілме сызықтың қолданылуы:

- A) нәрсенің көрінетін контурында
- B) бүгу сызығында
- C) ось сызығында
- D) қима сызығында
- E) нәрсенің көрінбейтін контурында

6. Өлшем саны өлшем сызықтан 1мм арақаштықта\_\_\_\_\_ жазылады.
- A) сол жағынан
  - B) оң жағынан
  - C) астынан
  - D) сызықтың ортасын үзіп
  - E) үстінен
7. Вертикаль және көлбеу сызықтарды жүргізуге арналған сызғыш
- A) бұрыштық
  - B) масштабты сызғыш
  - C) циркуль
  - D) рейсшина
  - E) транспортир
8. Үлкейту масштабын көрсетіндер:
- A) 1:1
  - B) 1:2,5
  - C) 2:1
  - D) 1:2
  - E) 1:4
9. Өнеркәсіптің барлық салаларындағы конструкторлық документтерді орындаудың бірінғай ережесін тағайындайтын құжаттар
- A) дисплей
  - B) граф салғыш
  - C) СЭВ
  - D) ЭВМ
  - E) КҚБЖ
10. Пішімдегі негізгі жазу:
- A) кез келген жерде орналасады
  - B) оң жақ төменгі бұрышында орналасады
  - C) сол жақ бұрышта орналасады
  - D) салынбайды
  - E) үстіңгі оң жақ бұрышта орналасады
11. Проекциялаушы сәулелер проекциялар жазықтығына бірдей бұрыш жасап түседі :
- A) параллель проекциялау кезінде
  - B) тік бұрыштап проекциялау кезінде
  - C) фронталь проекция жазықтығын проекциялау үшін
  - D) бірнеше проекция жазықтығын проекциялау үшін
  - E) нүкте проекциясын шығару үшін

12. Егер нәрсенің проекциясын салу үшін пайдаланылатын проекциялаушы сәулелер бір нүктеден тарайтын болса .....

- A) параллель проекция
- B) тік бұрышты проекция
- C) орталық проекциялау
- D) фронталь проекция
- E) горизонталь проекция

13. Проекциялау бағытына параллель түзу .....проекцияланады.

- A) нүктеге
- B) түзуге
- C) үшбұрышқа
- D) параллель түзуге
- E) кесіндіге

14. Қиғаш бұрышта фронталь диметриясындағы кескіннің координатар бойынша өзгеру көрсеткіштері:

- A)  $x-1$ ;  $y-0.5$ ;  $z-1$ .
- B)  $x-1$ ;  $y-1$ ;  $z-1$ .
- C)  $x-1$ ;  $y-1$ ;  $z-0,5$ .
- D)  $x-0.5$ ;  $y-1$ ;  $z-1$ .
- E)  $x-0.94$ ;  $y-0.47$ ;  $z-0.94$ .

15. Нүктенің фронталь орнын анықтау үшін қажетті өлшемдер:

- A) абсцисса, аппликата.
- B) аппликата, координата.
- C) аппликата, ордината.
- D) ордината, абсцисса.
- E) координата.

16. Қиғашбұрышты фронталь диметрияда  $xOy$  жазықтығында жатқан немесе сол жазықтыққа параллель, шеңбердің кескінделуі:

- A) дұрыс жауабы жоқ
- B) түзу кесінді
- C) эллипс тәрізді
- D) өзгермейді
- E) өзгереді


17. Тікбұрышты изометрия проекциядағы осьтердің орналасуы

- A)  $120^\circ$ ,  $120^\circ$ ,  $120^\circ$ .
- B)  $97^\circ 10'$ ,  $131^\circ 25'$ ,  $131^\circ 65'$ .
- C)  $90^\circ$ ,  $135^\circ$ ,  $135^\circ$ .
- D)  $150^\circ$ ,  $120^\circ$ ,  $90^\circ$ .
- E)  $90^\circ$ ,  $135^\circ$ ,  $135^\circ$ .

18. «Аксонометрия» грек сөзі, аудармасы

- A) сызғыштың көмегімен өлшеу
- B) екі өлшем
- C) осьтер бойынша өлшеу
- D) транспортирмен өлшеу
- E) бірдей өлшем

19. Шеңбердің изометриялық проекциясындағы үлкен және кіші осьтер бойынша диаметр көрсеткіштері:



- A)  $AB=1,22d$  ,  $CD=0,95d$
- B)  $AB=1,22d$  ,  $CD=0,71d$
- C)  $AB=1d$  ,  $CD=0,5d$
- D)  $AB=1,06d$  ,  $CD=0,95d$
- E)  $AB=1,06d$  ,  $CD=0,5d$

20. Мына координаттар бойынша өзгерістер көрсеткіштері жататын аксонометрия:  $x-1$ ,  $y-05$ ,  $z-1$ ?

- A) тік бұрышты изометрия
- B) қиғаш бұрышты фронталь диметрия
- C) тік бұрышты диметрия
- D) қиғаш бұрышты изометрия
- E) тік бұрышты фронталь диметрия

21. Аксонометриялық проекциялар жазықтығындағы  $x$ ,  $y$  және  $z$  осьтері қалай аталады

- A) өзара перпендикуляр қиылысқан түзулер
- B) өзара перпендикуляр қиылысқан жазықтықтар
- C) аксонометриялық осьтер
- D) кеңістіктегі  $90^\circ$  бұрыш жасап қиылысқан түзулер
- E) координаталық осьтер

22. Тікбұрышты изометрияда осьтердің орналасуы

- A)  $120^\circ, 120^\circ, 120^\circ$
- B)  $90^\circ, 45^\circ$
- C)  $90^\circ, 135^\circ$
- D)  $45^\circ$
- E)  $120^\circ$

23. Тікбұрышты аксонометрияның негізгі формуласы ..

A) ...  $u^2 + v^2 + w^2 = 6$

B) ...  $u^2 + v^2 + w^2 = 0$

C) ...  $y^2 + x^2 + z^2 = 3$

D) ...  $u^3 + v^3 + w^3 = 4$

E) ...  $u^2 + v^2 + w^2 = 2$

24. Қиғашбұрышты диметрияда хОу жазықтығында жатқан эллипстің проекциясы қандай болады?

A) кесінді

B) сопақша

C) өлшемдері өзгермейді

D) шеңбер

E) өлшемдері өзгереді

25. Техникалық суреттің проекция кескінінен айырмашылығы қандай?

A) тез орындалады

B) сызғыштың көмегімен орындалады

C) қарындашпен орындалады

D) компьютерде орындалады

E) проекциялау ережелерін сақтай отырып қолдан орындалады

26. Қиғаш бұрышты фронталь диметрияны алу үшін проекциялаушы жазықтықты орналастырады:

A) профиль

B) горизонталь

C) перпендикуляр

D) вертикаль

E) параллель

27. Тікбұрышты аксонометриялық проекцияда бұрмалану көрсеткіші  $x$ ,  $y$ ,  $z$  остерінде қандай болады?

A) 1,5

B) 1

C) 0,47

D) 0,82

E) 0,5

28. О хуз нүктесі қалай аталады ?

- A) аксонометриялық координаталар жүйесі
- B) қайтымдылық жүйесі
- C) натурал координаталар жүйесі
- D) кеңістіктегі координаталар жүйесі
- E) бұрмалану жүйесі

29. Көрсетілген проекция жазықтықтары сызу тәртібінде:




- A) американдық система
- B) орыс системасы
- C) неміс системасы
- D) голанд системасы
- E) еуропалық система

30. Жергілікті көрініс нәрсенің:

- A) қосымша көрінісін көрсетуге жасалады.
- B) үзіндісін көрсетуге жасалады.
- C) сызбаны толықтыруға жасалады.
- D) шағын ерекшелігін көрсету үшін жасалады.
- E) кескінін көрсетуге жасалады.

31. Суреттегі оң жақтағы көріністің сызбада орналасуы:




- A) орнаулы орынға.
- B) горизонталь көріністің қатарында.
- C) профиль көрінісінің астында.
- D) проекциялық байланыс бойынша.
- E) сызбаның кез келген жеріне.



32. Сызбада жиі пайдаланатын үш көрініс

- A) басты, астыңғы, оң жақ
- B) басты, үстіңгі, оң жақ
- C) оң жақ, сыртқы, үстіңгі
- D) басты, үстіңгі, сол жақ
- E) басты, астыңғы, сол жақ



33. Суретке көріністерді сәйкестендіріңіз:





A)




B)





C)



D)



E)










34. Деталь сызбасын оқудың әдістері

- A) талдау арқылы
- B) масштабын анықтайды
- C) проекциялары арқылы
- D) материалын анықтайды
- E) кескініне қарап анықталады

35. Нәрсенің тікбұрышты проекция кескіндерін көрсету үшін, нәрсені..... ішінде орналасқан деп қарастырады

- A) тік бұрышты призманың
- B) параллелипипедтің
- C) көп бұрышты фигураның
- D) квадраттың
- E) текше

36. Кескінделген көпжақтың горизонталь проекциясын көрсетіңдер:



37. Сызбаны орындау процесін жеке графикалық амалдарға ажыратып бөлуді \_\_\_\_\_ дейді.

- A) кескіндердің графикалық құрамын талдау
- B) үш жазықтыққа проекциялау
- C) сызбаны оқу
- D) қарапайым денелерге ажырату
- E) сызық түрлеріне ажырату

38. Геометриялық денелердің изометриялық проекцияларын сызғанда неден бастау керек?

- A) жақтарынан
- B) төбесінен
- C) басты көріністен
- D) кеңістіктегі көрінісінен
- E) табанынан

39. Есік жармасын белгілегенде орналысатын бұрыш?

- A)  $90^\circ$
- B)  $45^\circ$
- C)  $60^\circ$
- D)  $55^\circ$
- E)  $40^\circ$

40. Ғимарат жоспары:

- A) Ғимараттың орналасу орны
- B) Ғимараттың атауы мен қолдану мақсаты
- C) Үстінен қарағандағы тіліктің шартты көрінісі
- D) Жұмсалынатын материалдардың саны мен сапасы
- E) Құрылысқа кететін қаражат көлемі

41. Құрылыстың басталуы:

- A) Жобалаудан
- B) Жұмыскерлерден
- C) Қабырғадан
- D) Фундаменттен
- E) Материалдарды әкелуден

42. Жоспардағы вертикаль сызылған қабырғалардың осьтерінің белгіленуі:

- A) Сипаттамалық құжаттың ішіне жазылады
- B) Шеңбер ішінде сандармен немесе әріптермен белгілейді
- C) «+», «-» таңбаларымен және см белгіленеді
- D) Қабырға осьтерінің арақашықтығы, ойық өлшемдерін мм белгілейді
- E) Көмекші сызықтар және өлшем сызықтары арқылы белгіленеді

43. Сәулет-құрылыс сызбаларының негізі:

- A) атауы мен пайдалану негізі
- B) жобалау, материал
- C) эскизде орындалғаны
- D) қасбеті, жоспары, тілік
- E) стандартты тетіктердің қолдануы

44. Ғимраттың биіктігін белгілеу:

- A) «+0,00» таңбасымен бастап, мм белгіленеді
- B) «+», «-» таңбаларымен және дм мен белгіленеді
- C) «+», «-» таңбаларымен және см белгіленеді
- D) Шығару сызығы мен өлшем сызығы арқылы белгілейді
- E) «+», «-» таңбаларымен және метрмен белгіленеді

45. Жүйені іске қосқан соң қондырғыға байланысты :

- A) Windows жүйесі қосылады
- B) Бас меню ашылады
- C) Монитор қосылады
- D) Диалогтық терезе немесе сызу терезесі ашылады
- E) Интерфейс ашылады

46. Интерфейс ұғымы:

- A) Графикалық редактор
- B) Үшөлшемді модельдеу жүйесі
- C) Жобалаудың ерекше жүйесі
- D) Екі ақпарат жүйесін байланыстыру
- E) Интернетке кіру

47. АЖЖ қысқартылған сөздің мағынасы

- A) автоматтандырған жобалау жүйесі
- B) автоматтандырған жағдай жасау
- C) автоматтық жасау жүйесі
- D) акционерлік жоспарлау жобасы
- E) автоматикалық жоспарлау жүйесі

48. Паскаль ұғымы

- A) ақпаратты өлшеу
- B) цифрлық ақпарат
- C) программалау тілі
- D) сақтау мөлшері
- E) өлшем бірліктері

49. Програмамен танысу:

- A) Компьютердің маркасын білу
- B) Паскальмен танысу
- C) Бас меню танысу
- D) Windows жүйесін оқу
- E) Интерфейсін оқу

50. Компьютерлік жүйеде құрастырудың жолы:

- A) 6D
- B) 2D, 3D
- C) 1D
- D) 0D
- E) 8D

*Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар*

51. Масштабтағы өлшемдер:

- A) Өзгермейді
- B) Заттың өлшемі қалпында қалады
- C) Зат кішірейсе азаяды
- D) Екіге көбейтеді немесе кемітеді
- E) Тетік үлкейсе көбиеді
- F) Өлшем салынбайды

52. Сызу пәнінің аспаптары мен жабдықтары :

- A) карандаш, лекалдар, А4форматы
- B) А4 форматы, сызғыш, палитра
- C) сызбалық бұрыштар, готовальня, ермексаз
- D) сызғыш, карандаш, акварель бояу
- E) өшіргіш, пастель, сызғыш
- F) циркуль, транспортир, калькулятор
- G) циркуль, карандаш, рейсшина
- H) ұштағыш, кітап, дәптер, фломастер

53. Француз тілінде түрі, сыртқы өлшемі деген мағына береді

- A) рейсшинаның үлкен түрі
- B) мектеп тақтасы
- C) циркульге салынатын грифель
- D) қағаз форматтары
- E) макеттердің өлшемі
- F) готовальняның кішісі
- G) бұрыштық сызғыштың жиынтығы
- H) карандаштың атауы, маркасы

54. Өлшемдерді түсіру үшін білу қажет

- A) диаметрін, радиусын, жуандығын
- B) ұзындығын, градусын, қатесін
- C) ұзындығын, жуандығын, санын
- D) енін, биіктігін, авторын
- E) жуандығын, биіктігін, атауын
- F) биіктігін, енін, салмағын
- G) радиусын, градусын, ұзындығын
- H) диаметрін, енін, орындалған уақытын

55. Параллель түзулер параллель түзулерге .....

- A) проекцияланбайды
- B) перпендикуляр болады
- C) параллель болады
- D) проекцияланады
- E) тікбұрыштап түседі

56. Басты проекциялау әдісі:

- A) қиғашбұрышты
- B) параллель
- C) орталық
- D) тікбұрышты
- E) перпендикуляр

57. Жергілікті тілікті қайда орналастырады:

- A) Басқа қағазға
- B) Келесі бетке
- C) Оң жақ бұрышқа
- D) Басқа кескіндермен проекциалық байланыста
- E) Негізгі жазудың ішіне
- F) Сызбаның жоғары жағына
- G) Форматтың артқы бетіне
- H) Бос орынға

58. Проекциялық байланыста орналастыру:

- A) түйіндесуді орналастыру
- B) өлшем сандарын байланыста орналастыру
- C) перпендикуляр жазықтардың байланысы
- D) проекциялардың атауын өзгертбеу
- E) стандарт бойынша сызбаны орындау
- F) көріністерді көрсетілген тәртіпте орналастыру

59. Бұрылу белгісін қолдану

- A) өлшемдерді басқа жазықтықта көрсету
- B) жазықтықтарды проекциялау кезінде
- C) доғал, сүйір бұрыштарда
- D) транспортирды қолданған кезде
- E) екі көрініс арқылы үшінші көріністі кескіндеу
- F) қосымша көріністі бұрып кескіндеу

60. Жергілікті\_\_\_\_\_ көрінісі:

A) негізгі

B) тұрақты

C) шектеулі бөлігінің

D) жалпы


E) кітаптан алынған

F) жекеленген

## Мәнмәтіндік тапсырмалар

### 1-мәнмәтін

Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма



61. Перспектива сызығы:

- A) параллель болады
- B) сүйір бұрышты түзу
- C) перпендикуляр болады
- D) қиылысатын түзу
- E) сызда қолданбайды

62. Қисық беттердің өзара қиылысуы, қисық сызықтың жазықтықпен қиылысуы нәтижесінде \_\_\_\_\_ алынады

- A) параллель сызық
- B) қисық сызық
- C) көлбеу сызық
- D) перпендикуляр сызық
- E) тік сызық

63. Қисық сызықтың өзін өзі қиып өтетін нүктесі:

- A) қима нүктесі
- B) жапсырма нүктесі
- C) бұрылу нүктесі
- D) түйін нүктесі
- E) қайталау нүктесі

64. А мен В түзуі және Б мен Г түзуінің өлшемдері салыстыр :

- A) Екеуінің ұзындығы бірдей
- B) А-В кіші
- C) Б-Г ұзын
- D) Б-Г кіші
- E) А-В ұзын



65. Қанша параллель түзу бар:

A) 20

B) 16

C) 21


D) 23

E) 18

## Мәнмәтіндік тапсырмалар

### 2-мәнмәтін

Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма



66. Қандай \_\_\_\_\_ тілік болмайды:

- A) фронталь
- B) профиль
- C) жергілікті
- D) жазба
- E) горизонталь

67. Қандай жағдайда тіліктерді штрихтамайды:

- A) егер материалы белгісіз болса
- B) жұқа қабырғалар мен шыбықтарды
- C) жергілікті тіліктерде
- D) аксонометриялық проекцияда
- E) сынық және көлбеу тіліктерде

68. Сызбадағы тіліктің түрі:

- A) көрініс пен тілікті біріктіру
- B) қарапайым тілік
- C) жергілікті тілік
- D) сынық тілік
- E) көлбеу тілік

69. Қай тілік дұрыс емес:

- A) ә
- B) а, ә, б
- C) б
- D) ә, б
- E) а

70. Тетіктің кескінін орналастырудың ережесі:

А) егер А-А сызығы белгілегенде

В) оңашаланған тілікте

С) симетрия сызығының оң жағына немесе астына орналасады

Д) аксонометриялық проекцияда

Е) қабаттасқан тілікте

**1-БЛОК бойынша тест аяқталды.**